



XАБАРАШЫ

БЕОТНІК

2(77) 2015

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

### Қазақ хандығына 550 жыл

*Құрманжанов Б. Б.*

Г. П. Сельбертский «Алмағе кызылны» романы және Қазақ хандығының тарихы ..... 1

*Ағышев Ә. Қ.*

Қазақ бағырларының қару-жарақ түрлері мен әскери опері ..... 1

#### 1-бөлім Раздел 1

#### Деректану және тарихнама Источниковедение и историография

*Ниязов Е. П.*

Ежелгі тұңғардың мемлекеттік мәселесінің тарихнамасы ..... 27

*Литвинова А. Е.*

А. П. Берингам зерттеулеріндегі қаңвой мәселесі ..... 28

*Салтыкова А. П.*

Кенестік кезеңтегі ортағасырлық қыпшақтардың зерттелу тарихы ..... 30

*Қошолова А. О.*

Отыңғар мәселесінің зерттелуі (кенестік тарихнама негізінде) ..... 31

*Байғариев П. А.*

Револьюция дәуірі және кенестік дәуірдегі жолдың алдындағы зерттелу тарихы; зерттеулердің ерекшеліктері ..... 38

*Бісепбаев Н.*

Иса-Досан көтерілісінің тарихи жағдайдағы көрінісі ..... 36

*Шаймарданова Э. Д.*

Оценка социально-экономической эффективности освоения целины в зарубежной историографии ..... 40

*Бісепбаев Н., Сағандықов Н.*

«Жанқожа бағыр» жыры: нұсқаулары мен тарихнамасы ..... 46

*Мусағалиева А.*

Кенес оқиғасының басқару жүйесінің қазақ деректерінің қатынасуы ..... 76

#### 2-бөлім Раздел 2

#### Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы Древняя и средневековая история Казахстана

*Хайижапова Г. Б., Омарбеков Т.*

VIII-X ғғ. Жетісу тайпаларының этносаяси интеграциясының үдерістері ..... 78

*Макашева Ж. С., Смағұлұова А. З., Құмсағабай Ж. Ж.*

Особенности принятия внешнеполитических решений в эпоху Золотой Орды (на основе персидских и арабских источников) ..... 83

*Охтенбай М. Л., Искакова Г. З.*

Analyze on the Toghuzoghuz Country and its Towns by Hudud al-'Alam ..... 93

*Әмірбеқызы Б.*

Қазақ хандығының заң-жарғылары және оның отбасы-неке қатынасындағы ролі ..... 98

*Гашимов Е. А.*

Создание института султанов-правителей в Младнем жузе ..... 101

*Құндықбаева Ж., Телсұова Ә.*

Положение женщины в казахском обществе (до 1917 г.): историко-юридические материалы (обычное право) и культурные традиции казахов ..... 110



**VIII-X ҒҒ. ЖЕТІСУ  
ТАЙПАЛАРЫНЫҢ  
ЭТНОСАЯСИ  
ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ  
ҮДЕРІСТЕРІ**

Қазақстанның ортағасырлардан тарихи ата «қарлық» этнонимінің өзіндік орны бар. Осындай атауға не болған түркі тайпалары Қазақстанның оңтүстік аймақтарында және Жетісуда мемлекет билігінде болды. Бұл жерлерге қарлықтардың шығыс түркілері аймақтарынан келгендері белгілі. Жаңи өлкеге қоныстанған батыс қарлықтары он-өк түркі тайпаларымен тығыз байланыста болды, ал шығыс қарлықтары ұйғыр тайпаларымен байланыстар ұстады. Таң жынамаларында қарлықтар туралы мынадай түсініктеме берілген: «Қарлық - асығында түркінің бір жұрты. Бұлар Бесбалықтың теріскейіне, Алтын таудың батысына қоныстанды. Қабы ұлысымен көрші отырды. Сір-санда жойылған соң Қабы бірте-бірте күшейді. Қарлықтар соған қарады. Гау Қан Қабыға жорық жасағанда, қарлықтар бірінен соң бірі келіп тізе бүкті де, жазалау жорығына әкер аттандырып көмектесті. Қабы талқандалған соң, қарлықтың Бұлақ, Бобік, Таштық ұлыстарының елшілері сарайға зияраттай келді... Олар кейін оңтүстікке тамап көшіп барған соң өздерін Үш қарлық деп атады... Сөйтіп Он-өк қағанның байырғы мекеніне көшіп барып соны мекендеді. Қазір Сұяб, Талас қамалдары осыларға қарайды (1787-1788 бет)» [1, 252-253 бб.].

Қарлықтар «он-өк» түркілерінің өзара тартыстарына белсенді қатысты. Дулу бірлестіктерінің ұрпақтары қарлық тайпаларының ықпалына ұшырағанын «он-өк» Түркілерінің түргеш руына жататын тұхси тайпасының X-XII ғғ. қарлұқтар құрамында кездесуінен байқаймыз. Ол туралы XI ғ. бірінші жартысында ортағасырлық араб авторы әл-Марвази томенгіше әңгімелейді: «Оларға «түріктерге» қарлұқтар да жатады. Олар Туши (Тудие) тауын мекендеді, ал бұл тау алтынан тұратын. Олар тоғыз-түздардың құлдары болды және оларға қарсы көтерілді. Олар түргештер еліне шықты және оны басып алды. Бұлар оларды бағындырды және олардың билігін күйретті. Осы жақтан олар мұсылман елдеріне шықты. Олар тоғыз топты құрайды. Үш (тош) – жикид, үшеуі – баскид, біреуі – бұлақ, бірі – куқырқын және тағы бірі тұхси болып табылады» [2, 213 б.].

766 жылы Жетісудағы билік қарлықтарға көшті. Шығыс түрік қағанатын талқандау барысында осы істе өздері белсенділік көрсеткен қарлықтар ұйғырлардың қысымымен амалсыздан өздерінің мекендеген аймағының (Ертістің жоғарғы жағында-